



Автор: Бекенбаева Мөлдір Аманжолқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы
Тақырып: Ескерткіштер-ел тарихы

Сабақта іске асатын оқу мақсаты (оқу бағдарламасынан сілтеме)	8.1.2.1 - шағын мәтінді түсініп, мәнерлеп (дауыс ырғағын дұрыс қойып)/рөлге бөліп оқу. 8.1.1.3 - мұғалімнің қолдауымен сөйлемдегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша сөйлеу тілінде қолдану.
Сабақ мақсаты:	Барлығы: Ескерткіштер туралы оқушыларға мағлұмат алады, түрімен танысады, көненің көзі, болашаққа аманат екенін түсінеді. Көбі: Ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштері туралы түсінеді Кейбірі: Мәтіннің мәнін түсінеді, ажыратады, сұрақтарға жауап береді
Бағалау критерийі	Бағалау критерийі Тапсырма № 1. Оқушы . Мәліметтерді жинақтау № 1 Фишбоун әдісі арқылы мәселені шешеді. 1 № 2 Бейнебаян бойынша пікір алмасады; 1 Өз ойларын еркін жеткізеді. 1 Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): тақырыпқа қатысты берілген қарапайым сөйлеу үлгілерін оқиды, қайталайды, тыңдаған материалдың мазмұнын түсінеді Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): тыңдалым етістік сөйлемдерді қолданып, ескерткіш атауларын атайды, тақы ыпқа қатысты ақпарат бере алады. Оқушының жоғарғы жетістігі(ОЖЖ): тақы тақырптың мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастырады және оған жауап береді, жаңа заттық, сапалық атауларды қатыстырып сөйлемдер құрай алады, Тілдік мақсаттар
Тілдік мақсаттар	Сабақ барысында қолданылатын сөздермен жұмыс жасау
Құндылықтар	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, құрмет, азаматтық жауапкершілік
Жаһандық азаматтыққа тәрбиелеу	Бейнебаяндағы байланыс туралы сөйлесу.
АКТ дағдысын қолдану	Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады.
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, сурет
Алдыңғы білім	ТБ2

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7мин)	«Шаттық шеңберін» құрып, бір-біріне алғыс сөздер айтады. Суреттер арқылы екі топқа бөледі. Оқушылармен сәлемдеседі, түгендейді. Оқушылар бір-бірімен қол алып, амандасады. Бір-біріне жақсы тілектер айтады. Өткен сабақтың тапсырмасын тексереді. Кемшіліктерді анықтайды, түзетеді, бағалайды. Тапсырманы айтады, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді	Презентацияда әріптер көрсеті

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30мин)	Мағынаны тану кезеңі. (Сұрақтармен жұмыс жасау) 1. 1. Сөздікпен жұмыс. Ескерткіш –елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді /құрылыс, ғимараттарды / қамтиды. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштерді төрт түрге бөледі: Археологиялық ескерткіштер Тарихи ескерткіштер Сәулет өнері ескерткіштері Монументтік/мүсін/ өнері ескерткіштері А) Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады. Оларды оқиды, оқушыларға қайталатады. Тыңдалым. Оқылым. Жаңа сөздерді тыңдайды, мұғаліммен бірге оқиды. Айтылым. Жаңа сөздердің дұрыс айтылуымен ауызша жаттығу жүргізеді. 2. Мәтіналды жұмыс. Бейнеролик тындатады. Естерінде қалған үш сөйлем жазғызады. Суреттер арқылы сипаттайды Тыңдалым. ЖазылымҮш сөйлем жазады. 3. Грамматика. Септік жалғауларын меңгертеді.. Септік жалғауларын меңгереді. 4. Мәтінмен жұмыс. А) Оқылым. Жазылым. Мәтінді оқытады, сұрақтар дайындатады. 1- топ 1-ші абзац бойынша, 2- топ 2-ші абзац бойынша. Оқылым. Мәтінді оқиды, , дұрыс оқуға машықтанады. Сұрақтар құрады. Ә. Мәтіннен септік жалғауы бар сөздерді теріп жазғызады, қай септіктің жалғауы екенін анықтатады. Мәтіннен септік жалғауы бар сөздерді теріп жазады, анықтайды. 5. Мәтінсоңы жұмыс. А) Жазылым. Оқылым. Үлестірмелі кеспемен жұмыс. Кеспеде берілген сөздерді сәйкестендіреді Жазылым.Оқылым. Сөздердң сәйкестендіріп жазады, оқиды. Ә) «Сыр сандықтағы» сөздер. «Сыр сандыққа» салынған сөздердің мағынасын талдайды, есте сақтайды. 5. Қорытындылаушы. Бүгінгі сабақта қаралған мәселелерді қорытындылаңыз және маңызды жерлерді атап өтіңіз Суретпен жұмыс. Суреттегі ырымды сипаттатады. Суреттерді сипаттайды. Қандай ырым түрлері естерінде қалғанын сұрайды. Оқушылар жауап береді.. Оқушылар бір –бірлерін дискриптор арқылы бағалайды. Формативті бағалау. «Шағын шолу» тәсілімен парақшалар таратады. Тақырып аясында өзінің есінде қалған сөздерін, сөйлемдерін параққа жазады. Оқулықтағы 3--тапсырманы орындау. Мәтінді мазмұндау	https://www.youtube.com/watch?v=6Ky3xiXQ7xA
Сабақтың соңы (3 мин)	Рефлексия Бүгінгі сабақ қандай пәнмен байланысты болды? Қандай қосымша жаңа сөздермен таныстыңыз? Сабақтан қандай әсер алдыңыз? Сабаққа бір ұсыныс.	